

"1995 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Байқоңыр қаласының мәртебесі және ондағы атқарушы өкімет органдарын құрудың тәртібі мен олардың мәртебесі туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 7 маусымдағы № 624 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1995 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Байқоңыр қаласының мәртебесі және ондағы атқарушы өкімет органдарын құрудың тәртібі мен олардың мәртебесі туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

1995 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Байқоңыр қаласының мәртебесі және ондағы атқарушы өкімет органдарын құрудың тәртібі мен олардың мәртебесі туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Байқоңыр қаласының мәртебесі және ондағы атқарушы өкімет органдарын құрудың тәртібі мен олардың мәртебесі туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің төрағасы Талғат Амангелдіұлы Мұсабаевқа 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Байқоңыр қаласының мәртебесі және ондағы атқарушы өкімет органдарын құрудың тәртібі мен олардың мәртебесі туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттамаға қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының атынан қол қоюға өкілеттік б е р і л с і н .

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Президенті

Қазақстан
Н.Назарбаев

Республикасының

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

2014

жылғы

« »

№

Жарлығымен

МАҚҰЛДАНҒАН

Жоба

**1995 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Ресей
Федерациясы арасындағы Байқоңыр қаласының мәртебесі және ондағы
атқарушы өкімет органдарын құрудың тәртібі мен олардың
мәртебесі туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттама**

Бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Ресей
Федерациясы,

1995 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы
арасындағы Байқоңыр қаласының мәртебесі және ондағы атқарушы өкімет органдарын
құрудың тәртібі мен олардың мәртебесі туралы келісімнің (бұдан әрі – Келісім) 24-
бабын басшылыққа ала отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Келісімге мынадай өзгеріс енгізілсін:

Келісімнің 10-бабының 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. «Байқоңыр» кешені жалға берілген кезеңде Байқоңыр қаласының аумағында
Қазақстан Республикасының мына мемлекеттік органдары жұмыс істейді: сот,
прокуратура, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің бөлімшесі, «
Байқоңыр» кешеніндегі Қазақстан Республикасы Президентінің арнаулы өкілі,
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру
комитетінің бөлімшесі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бөлімшесі, Қазақстан
Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің бөлімшесі,
Қызылорда облысы Байқоңыр қаласының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі (бұрын
болған әскери комиссариаттың функцияларымен), Қазақстан Республикасы ішкі істер
органдарының бөлімшесі, Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары
министрлігінің бөлімшесі, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің бөлімшесі,
Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын басқару
комитетінің Қызылорда облысы бойынша аумақтық органының өкілі, Қазақстан

Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің бөлімшесі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің бөлімшесі, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің Қызылорда облыстық соты кеңсесінің бөлімшесі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің бөлімшесі, Байқоңыр қаласының Статистика басқармасы, Қармақшы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің Байқоңыр филиалы.

Қазақстан Республикасының аталған мемлекеттік органдары Байқоңыр қаласы әкімшілігінде қайта тіркелуге жатпайды.

Қазақстан Республикасының аталған мемлекеттік органдарының атаулары және (немесе) функциялары өзгерген жағдайда Қазақстан тарапы бұл туралы Ресей тарапын дипломатиялық арналар арқылы дереу хабардар етеді.

Осы тармақта көзделген Байқоңыр қаласының аумағындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының тізбесі Тараптар арасында ноталар алмасу арқылы ресімделетін келісім бойынша өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.».

2-бап

Осы Хаттама Келісімнің 26-бабында көзделген тәртіппен күшіне енеді.

20__ жылғы «__» _____ қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі екі мәтіннің де бірдей күші бар.

Қазақстан Республикасы үшін Ресей Федерациясы үшін